

№2 Өндірістік кеңес хаттамасы

*2024 жылғы
19 қаңтар*

*Шымкент
қаласы*

Қатысқандар: 10

Күн тәртібінде:

1. Ішкі еңбек тәртібінің сақталуы, қызметкерлердің өз міндеттерін жүйелі атқаруы

Меңгеруші Әшірбекова Р.Б.

2. Балалардың тамағын ұйымдастыру (тамақтану жөнінде ата-аналармен жүргізілген сауалнамалар, тамақтану қорытындысы)

Медбике

3. Азаматтық қорғаныс іс- шараларының орындалу нәтижелері

Меңгеруші Әшірбекова Р.Б.

Тыңдалды:

Бірінші мәселе бойынша бөбекжай-бақша меңгерушісі Әшірбекова Р.Б. сөз алды, ол ішкі еңбек тәртібінің сақталуы, қызметкерлердің өз міндеттерін жүйелі атқаруы туралы айтты.

ҚАУЛЫ ЕТТІ:

Ішкі еңбек тәртібі сақталсын, қызметкерлер өз міндеттерін сапалы орындасын.

Екінші мәселе бойынша бөбекжай-бақша медбикесі балалардың тамағын ұйымдастырды (тамақтану жөнінде ата-аналармен жүргізілген сауалнамалар, тамақтану қорытындысы), ол бөбекжай-бақшаның денсаулық сақтау ортасының мазмұны жайлы, демек алдымыз күз мезгілі, тұмаумен жиі ауратын балалар туралы айтылды, бақшада желдету шараларын жүргізу бала жоқ кезде жасалуы тиіс екенін, сосын балалар ұйқыға жатар кезде барлық баланың ұйқыға арналған киімін кигізіп жатқызу керек екенін айтты. Балалардың сұранғаны, демалыста, аурып келмей жүрген балалар жайлы

күнделікті біліп отыруды, баланы серуенге шығарар алдында мезгілге сай киіндіру керектігін айтты.

Сөз сөйлегендер:

Менгеруші Әшірбекова Р.Б. сөз алды, шынықтыру шараларының жүйелі орындалуының жағдайы туралы сұрап, бақылауға алуды тапсырды.

ҚАУЛЫ ЕТТІ:

1. Шынықтыру шаралары жүйелі орындалсын.
2. Келмей жүрген балалар туралы есепті күнделікті медицина қызметкерлеріне тапсыру.

Үшінші мәселе бойынша Азаматтық қорғаныс іс-шараларының орындалу нәтижелері күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша бөбекжай-бақша меңгерушісі Әшірбекова Р.Б. сөз алды. Ол «Азаматтық қорғаныс жаттығуларын» өткізу бойынша 1 Наурыз-Бүкіл дүние жүзілік Азаматтық қорғау күніне орай «Азаматтық қорғау және зілзалалардың қауіп-қатерін болдырмау үшін азаматтық қоғамды дайындау» тақырыбында іс-шара жақсы өткізілгенін айтып өтті. Жер сілкінісі кезіндегі қорғаныс жоспары бойынша және сейсможаттығу өткізуге дайындық жайлы қызметкерлермен жиналыс өтілгені туралы, еңбек қауіпсіздігі, сонымен әлемде болып жатқан апатты жағдайлар жөнінде айтылды. Қорыта айтқанда азаматтық қорғаныс және төтенше жағдай бойыншы жұмыс жоспары өз дәрежесінде орындалуда.

ҚАУЛЫ ЕТТІ:

Азаматтық қорғаныс және төтенше жағдай бойыншы жұмыс жоспарының орындалуы қанағаттанарлық деп саналсын.

Меңгеруші

Хатшы



Әшірбекова Р.Б.

А. Ардабаева